

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1148

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уранды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату, атом энергетикасы станциялары үшін ядролық отын өндіру мәселелеріндегі мүддесін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен, Әділет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде "Қазатомөнеркәсіп" ашық акционерлік қоғамын мемлекеттің жүз проценттік үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысанындағы "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы (бұдан әрі - Компания) етіп қайта құрсын, құрылтай құжаттарын бекітсін және мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Компанияның жарғылық қорына 1-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендерін берсін;

Компанияға 3-қосымшаға сәйкес "Инкай" және "Катко" шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорларындағы заңды тұлғалардың үлестеріне иелік ету, оларды пайдалану және басқару құқықтарын беру туралы мәселені қарасын;

Шығыс Қазақстан облысының әкімімен және Компаниямен бірлесіп "Ұлбі металлургия заводы" акционерлік қоғамының тантал өндірісін мүліктік жалға беру мүмкіншілігін қ а р а с ы н ;

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының басқармасын Алматы қаласында орналастыру туралы ұсынысқа келісім берілсін және Компанияны Алматы қаласында қажетті қызметтік үй-жайлармен қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.04.17. N 347 қаулысымен.

2. Компания "Қазатомөнеркәсіп" ашық акционерлік қоғамының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. Компанияның негізгі міндеттері (мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етуі кезінде) :
уран мен оның құрамаларын сирек кездесетін металдарды барлауды, өндіруді, қайта

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

8. Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментімен бірлесіп тиісті шешімнің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну арқылы Компанияға берілетін жекелеген кәсіпорындарды қаржылық сауықтырудың жолдары туралы ұсыныс әзірлесін.

9. Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаментімен, сондай-ақ Салық комитетімен бірлесіп "Үлбі металлургия заводы" акционерлік қоғамында жинақталған ядролық-отындық материалдардың қоймалық қорларын өзінің айналымдық қаражатын арттыруға бағыттайтын бағалауға дейінгі сомаларды салық салынбайтын кіріске енгізе отырып іс жүзінде қалыптасқан нарықтық бағалардың деңгейінде қайта бағалауды жүзеге асырсын.

10. Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 шілдедегі
N 1148 қаулысына
1-қосымша

**Атом-энергетика өндірісі кешенінде қызметін
жүзеге асыратын, акцияларының мемлекеттік пакеті
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясының
жарғылық қорына берілетін акционерлік қоғамдардың
Т І З Б Е С І**

Акционерлік қоғамның атауы және оның орналасқан жері	Акциялардың мемлекеттік пакетінің шамасы, проценттерде
"Волковгеология" АҚ, Алматы қаласы	90
"Үлбі металлургия заводы" АҚ, Өскемен қаласы	90
"КАТЭП" АҚ, Алматы қаласы	51

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 22 шілдедегі

№ 1148 қаулысына

2-қосымша

Атом-энергетика өндірісі кешенінде қызметін жүзеге асыратын, мүліктік кешені "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясының жарғылық қорына берілетін мемлекеттік кәсіпорындардың

ТІЗБЕСІ

Қызылорда облысының Шиелі поселкесіндегі № 6 кен басқармасы
Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Таукент поселкесіндегі Орталық кен басқармасы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Степной поселкесіндегі Степной кен басқармасы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 шілдедегі

№ 1148 қаулысына

3-қосымша

"Инкай" және "Катко" шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорларындағы үлестеріне иелік ету, оларды пайдалану және басқару құқықтары "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясына берілетін заңды тұлғалардың
Т І З Б Е С І

Шаруашылық серіктестігінің атауы, оның орналасқан жері	Жарғылық қордағы заңды тұлғаның үлесі (%-те)
"Инкай" ЖШС, Алматы қаласы	"КАТЭП" АҚ - 33,33
"Катко" ЖШС, облысы Созақ поселкесі	Оңтүстік Қазақстан ауданының Таукент "КАТЭП" АҚ - 36 "Волковгеология" АҚ - 7 О р т а л ы қ кен басқармасы - 2 Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 шілдедегі

№ 1148 қаулысына

4-қосымша

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.02.18. N 116 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК